

комментарий ученика, почему им был выбран тот или иной вариант написания слова, в этом случае учитель сможет судить, насколько хорошо усвоен изученный материал.

Выполняя задание 155 – составить по десять словосочетаний «причастие + существительное» и «отглагольное прилагательное + существительное» – можно провести конкурс на хронометраж (кто быстрее?) и грамотность исполнения, а также оригинальность (или юмористическое содержание) созданных словосочетаний.

Написание самостоятельной работы «Праздник на рейде» (задание 156) предполагает применение правил правописания *-н-* и *-нн-* не только в причастиях, но и в относительных и притяжательных прилагательных (*песчаный, чугунный, соловьиный*), а также знания других орфограмм.

Выполнение заданий 157* (с опорой на таблицу «Учитесь рассуждать и доказывать!») и 158 потребует от учащегося знания целого комплекса правил правописания причастий и прилагательных, изученных не только в данном

разделе, но и значительно раньше, в 5-6 классах (правописание прилагательных с суффиксами – *ан-*, *-ян-*, *-ин-*: *кожаные перчатки, журавлиный крик*; *-енн-*: *единственное доказательство* и др.). Эти задания являются обобщающими, повышают общую грамотность учащегося и предполагают повторение изученного материала.

1. Алтынбекова О.Б. Изучение причастия в 7 классе: общие методические рекомендации к разделу. – Вестн. КазНУ. Сер. филол. – 2010. – № 3 (127). – С. 347-350; Учебный материал о причастном обороте: методический комментарий Вестн. КазНУ. Сер. филол. – 2010. – № 4-5 (128-129). – С. 304-306; Изучение действительных причастий в 7 классе школ с русским языком обучения. – Вестн. КазНУ. Сер. филол. – 2010. – № 4-5 (128-129). – С. 301-304; Методические рекомендации к изучению страдательных причастий в 7 классе. – Вестн. КазНУ. Сер. филол. – 2010. – № 4-5 (128-129). – С. 309-312; Изучение кратких страдательных причастий в 7 классе: методический комментарий. – Вестн. КазНУ. Сер. филол. – 2010. – № 4-5 (128-129). – С. 306-309.

2. Сулейменова Э.Д., Алтынбекова О.Б., Мадиева Г.Б. Русский язык: Учебник для 7 класса общеобразовательной школы. – 2-е изд., перераб. – Алматы: Атамұра, 2007. – 320 с.

М. Әмірова

ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТУДЕГІ ЖАТТЫҒУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Тіл – ұлт ерекшеліктерінің бірі, ұлт мәдениетінің бір формасы. Сондықтан онда әрбір халықтың, ұлттың сана-сезімінің, ойлау тәсілінің, мінез-құлқының нысаналары сақталады. Халықтың осындай ерекшеліктері, мәдениеті, әдет-ғұрпы, әдеби мұралары, оның психикалық қалпы тіл арқылы ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отырады. Тіл жүйелілікті сүйеді, жүйесіз тіл болмайды.

Сөйлеу тіл мен жазба тіл-жалпы тілдің өмір сүру формалары. Сөйлеу тілі мен жазбаша тіл өте тығыз байланысты. Қазақ тілін қарым-қатынас құралы ретінде қолдана білу қабілеттерін бүгінгі қоғам талабына сай дамыту қажеттігі туындап отыр. Тілдің коммуникация мәселесін теориялық және әдістемелік тұрғыдан жан-жақты қарастырып, зерттеген профессор Ф.Ш. Оразбаева тілдік қарым-қатынас сөйлеу әрекетінің бес түрі: *оқылым, жазылым, таңдалым, айтылым, тілдесім* арқылы жүзеге асатын дәлелдейді [1, 86]. Сөйлеу әрекетінің бес түрі кешенді түрде қолданылғанда ғана тілді

оқытудың тиімділігі арттырылатын және жақсы нәтижелерге қол жеткізуге болатынын айқындап көрсетеді. Сабақ барысында тілдік қатынас оқытушы-студент, студент-оқытушы формасы арқылы жүзеге асады. Студенттердің танымдық мотивациясын қалыптастыру үшін түрлі ойындарды, әлеуметтік-психологиялық жағдаяттарды қолданған ұтымды. Бұндай жағдайда студент жағдаятқа байланысты жауапты өздігінен табуға ұмтылады, кез келген қиыншылықтан шығуға тырыса отырып, сабақта белсенділік танытады. Нәтиже болу үшін оқытушы меңгерілетін тақырып мәселесіне сәйкес қажеттілікті тудыру керек. Мотивация осы қажеттіліктердің негізінде пайда болып дамиды. Студенттердің танымпаздық мотивациясын қалыптастыру, оқып жатқан материалға деген олардың қызығушылығын арттыру қажеттіліктің себебін білуге, оның шешімін табуға жетелейді. Сонымен қатар сатылап дамыту ұстанымына сүйене отырып қазақ тілін

оқыту жақсы нәтиже береді. Бұл ұстаным бойынша істелетін жұмыстар бірте-бірте қиындай түседі, яғни орындалатын жұмыстар жеңілден қиынға қарай деңгейлік тапсырмалар арқылы күрделене береді. Сабақ барысында тілдік жаттығулар оңайлау, ал қатысымдық жаттығулар қиынырақ болып келеді. Тілдік жаттығулар әр түрлі болады, жиі қолданатын тілдік үлгі негізінде сөз сөйлеу, үлгідегі элементті ауыстыра білу, үлгілерді қиыстыру, толық және ішінара түсіну, әңгімені түсіну, сұрақ-жауап жаттығулары, қысқа-әңгімелер т.б.

Тілді оқытуда әдіскер ғалымдар сөйлесім әрекетінің ең күрделі түрі жазылымды сауатты меңгеруде жаттығу жұмыстарының атқаратын қызметінің ерекшелігін жоғары бағалаған. Белгілі әдіскер-ғалымдар Н.И.Гез, Е.И.Пассовтың пікірлері бойынша тілді үйретіп меңгерудің ең тиімді тәсілі – жаттығу. Тіл үйренушілердің қазақ тіліндегі тілдік тұлғаларды сауатты меңгергені, ойын анық жеткізу қабілеті жаттығу жұмыстарының дұрыс ұйымдастырылып жүргізілуіне тікелей байланысты. Сондықтан тіл үйренушілердің қазақ тіліне деген қызығушылығын арттыру үшін оқулықтағы берілген жаттығу жұмыстарын әртүрлі бағытта түрлендіре отырып орындату өте тиімді. Жаттығу жұмыстары арқылы жазылымды меңгеруде сөйлесім әрекетінің түрлері өзара байланысты бірлікте қаралуы тиіс. Өйткені сөйлесім әрекетін байланыста қарастыру жаттығудың ұғымдылығын күшейтеді. Тіл үйретуде практикалық қарым-қатынастың басым болуы жаттығулардың маңыздылығын, атқаратын қызметін арттырады.

Ғалым М.А.Данилов жаттығулардың тілді үйретуде дағды мен білікті қалыптастырудағы өзіндік ерекшеліктеріне тоқтала келіп: «Упражнение-сознательное многократное выполнение сходных действий, опирающихся на знание, на различном материале, принимаемое с целью овладения умением и навыком [2, 206]. Ал И.Л.Бим тілді оқытуда жаттығу жұмыстарының қызметі туралы «...соответственно упражнения разграничиваются по конечным целевым умениям, точнее «целевым деятельности» на упражнения в говорении, чтение, аудирование, письмо. Это единственное положение, которое не вызывает возражений при установлении типологии упражнений» деп жаттығу сөйлеу әрекетінің түрлерінің қалыптасу теориясы негізінде сәйкестену қажеттігін айтады [3, 102].

Әдіскер-ғалым И.Д.Салистра тіл үйретуде жаттығу жұмыстарының үш түрін анықтайды. Олар:

1. Сөйлеуге дейінгі дайындық жаттығулары.
2. Сөйлеу кезіндегі жаттығулары.
3. Сөйлеу жаттығулары [4, 55].

Ғалымның пікірі бойынша аталған жаттығулар арқылы тіл фактілері меңгеріліп, екінші бастапқы сөйлеу дағдылары, содан келіп негізгі сөйлеу дағдылары қамтылады.

Кез келген адам ойын жеткізу үшін өз тілінде сөздерді қалай байланыстыруды, қай қосымшаны қай сөзбен қолдануды, білдіретін ойына сөйлемнің қандай түрін, қалай құрастыруды ойланып жатпайды. Өзге тілді үйренуде тіл үйренуші алғаш ойды қалай жеткізуді ойлайды, сондықтан сөйлеуге дейінгі дайындық жаттығулары тілдік тұлғаларды қолдануды үйретіп қоймай, оны ойланбай қолданатын дәрежеге жеткізуді жүзеге асырады. Сөйлеуге дейінгі дайындық жаттығулар тобы дайындық кезеңіндегі оқу, жазу әрекеттеріне жататын құрылымдарға кіреді. Мазмұны жағынан қосымшалардың сөзге жалғануын, сөз бен сөз арасындағы өзгерістер, орфографияға қатысты ерекшеліктерді білгізу-бұл жаттығулардың негізгі мақсаты.

Сауатты сөйлеу үшін қажетті жаттығуларды орындау кезінде тіл үйренуші толыққанды қатысымдық әрекет жасамайды, мәліметті қабылдай отырып, жазу қозғалысын іске асыруға, сөйлеу әрекетін жасауға дайындық жасайды. Сөйлеу кезіндегі жаттығуларға, еліктеу жаттығулары, берілген қатысымдық тұлғаларды көшіру, естіген немесе оқылған мәліметтегі негізгі сөздерді жазып алу сияқты шығармашылық әрекетке дейінгі жұмыстар жатады.

Сөйлеу жаттығулары сөйлеуге дейінгі дайындық және сөйлеу кезіндегі жаттығуларда меңгерген тілдік жаттығуларды қажет кезінде тіл үйренушінің орынды қолдана алатын жағдайда болуын көздейді. Яғни, сөйлеу жаттығулары қарым-қатынас жасауға бағытталады. Оған сұраққа жазбаша жауап жазу, меңгерген сөйлем үлгілерін жазылымда еркін қолдану, тақырып бойынша немесе жоспарланбаған тапсырмалармен жазбаша жаттығу жұмыстарын орындай білу қабілеті жатады.

Жазылымға байланысты жаттығуларда сыртқы сөйлеу әрекеті жүзеге аспағанмен, іштей сөйлеу, ойын түсінікті жеткізу үшін жүйелеу сияқты күрделі процестер іске асады.

Сонымен тіл үйрену жолында ең бастысы және ең қиыны-меңгерген білімді тәжірибеде қолдана білу дағдысының қалыптасуы. Бұл

мақсатты жаттығулар жүйесі арқылы жүзеге асыруға болады.

Тіл үйрету процесін тиімді, ұтымды ұйымдастыру үшін жаттығулардың мақсатын ескерту пайдалы. Өйткені жаттығулар тілдің практикалық меңгерілуіне жағдай тудырады. Ал тілдің қарым-қатынас құралы ретінде әлеуметтік қызметін қамтамасыз ету- тіл дамыту процесінде ең маңызды рөл атқарады.

Тілдік жаттығулар мамандық бойынша қарым-қатынасты бейнелейтін жағдайлардан алынып, мәтіндерді оқу мен түсіну дағдысы да дамытылады. Мәтіндер бойынша ауызша жаттығулар да орындау оң нәтижесін көрсетеді. Студент жаңа мәтіндегі лексиканы бірден түсінсе, онда оның лексиканы жақсы меңгергендігін білдіреді. Мәтіндерді оқу және түсіну дағдыларын дамыту жазбаша жұмыстарымен қатар тең дәрежеде жүргізіледі. Оқытудың ең жоғарғы құралы – тіл үйренушінің таңдаған мамандығына, қоғамдық-саяси тақырыпқа жазылған мәтіндер іріктеліп беріледі. Сонымен өзіміз практикада қолданып жүрген мәтін бойынша бірнеше жаттығу түрлерінің қалай орындалатынына тоқталайық. Мысалы, «Қоғам және жастар» деген мәтінді алайық.

- а) мәтінді дауыстап оқыңыз;
- ә) мәтіннен тірек сөздерді жазып алаңыз;
- б) тірек сөздер арқылы сөйлемдер құрастырыңыз;
- в) мәтін бойынша пікір білдіріңіз;
- г) мәтіндегі айтылған ойға қарсы пікір айтыңыз немесе пікірді қолдаңыз;
- д) мәтін бойынша алған жаңа мәліметіңізге таңданыс білдіріңіз;

е) берілген мәліметке толықтыру енгізіңіз және т.б.

Әр сабақта сөйлеу қабілетін арттыратын жаттығуларды пайдаланып отыру өте тиімді, әрі студентке пайдалы.

Өзге тілді аудиторияда сөйлеу шеберлігін жаттығулар арқылы дамытуға байланысты әдіскер ғалым З. Күзекова былай дейді:

«Сөйлеу әрекеті табиғилықпен, шынайы әрекетпен, ситуативтілікпен байланысты. Сөйлеу жаттығулары сөйлеу шеберлігі арқылы көптеген талаптарға жауап беруге тиісті» [5.148-149].

Қорыта айтқанда, қазақ тілін үйретудегі жаттығу жұмыстарының мақсатын ескеру пайдалы. Тілдің қарым қатынас құралы ретінде әлеуметтік қызметін қамтамасыз ету – тіл дамыту процесінде маңызды рөл атқарады. Студенттердің өздері маманданып оқып жүрген арнаулы мәтіндері бойынша, ой-өріс деңгейлерін тереңдететін, соңғы ақпараттар жайында, тіпті кейде тіл үйренуге деген қызығушылыққа шақыратын маңызды да мазмұнды сұрақтарға өз беттерімен жауап іздеп толықтырып отырады.

1. Ф.Оразбаева. Тілдік қатынас: теориясы мен әдістемесі. – А.2000.

2. М.А. Данилов. Основы теории упражнений по иностранному языку. – М., 1975.

3. И.А.Бим. Теория и практика общения немецкому языку в средней школе. – М. 1988.

4. И.Д.Салистра. О некоторых методических терминах. «Иностр. язык в школе». – М., 1959.

5. З. Күзекова. Екінші тіл ретіндегі қазақ тілі оқулығы теориясының лингвистикалық негіздері. – А. 2005.

В статье изложены аспекты обучения казахскому языку с использованием письменных упражнений.

Н. С. Жумагулова

К ВОПРОСУ О НЕТРАДИЦИОННЫХ МЕТОДАХ ФОРМИРОВАНИЯ ЯЗЫКОВОЙ ЛИЧНОСТИ В УЧЕБНОМ ДИСКУРСЕ

Изучение языка не в отрыве от его носителя, а вместе с его развитием как личности в данном социуме - вот приоритетное направление исследований в лингвистике, лингводидактике и методике преподавания языков. Что понимать под нетрадиционными методами обучения сегодня? Если исходить из того, что грамматико-переводный метод и его современные

модификации считать традицией в методике обучения иностранным языкам, то все остальные попытки изменить это состояние в методике можно считать нетрадиционными. Традиционный подход к обучению иностранным языкам и, соответственно, к формированию языковой личности, развивался в русле традиционалистско-консервативной